



Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ

“Жалын” журналының “Әдеби үлгілер әлемінде” атты айдары қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсіреповтің “Қасқырды атқан қайсысы?” деген өңгімесімен ашылғаны оқырман қауымының есінде шығар. Ол айдар Х.К.Андерсеннің “Жалаңаш король”, Сулхан-Саба Орбелианидің “Ғибратнама” атты әлемге танымал кітабынан алынған үзінділермен жалғасын тапқан еді. Бұл үрдісті әдебиетіміздің тағы бір дарабозы Жүсіпбек Аймауытовтың “Елес” атты шағын өңгімесімен жалғастыруды жөн көрдік.

БАБАС

Қолымда қалам. Алдымда қағаз... Ел ұйқыда. Мен ояу. Отырмын. Екіні, үшті сокты... әлі отырмын. “Переброскеге” ұшырған Н. жолдасшылап ойым байыз таппайды, бірден бірге көшеді. Ол маған сөз емес, жарылып кетсем де бір мақала жазуым керек. Аймақтық жастар комитеті екі күннің ішінде жазып тапсыруға мойныма бір мақаланы артқан...

Басым сынып барады. Сынбай қайтсін, “Масленкенің” шелпегін жеймін деп бір жолдастың үйінде отырып қалып, “бозжорғаны” айдаңқырып жібергенмін... Қаламымды шықырлатып, қайта-қайта маламын... келмейді. Жер ошаққа аяғын тығып алған боташа қаламымды сілке күсемін... Әлі түк жоқ. Ерсілі-қарсылы укалап, жын сокқан торғай бастандырып, шашымды да дудыраттым. О да түкке сеп болмады.

Бар бітіргенім алабота жаққан ауылша, тұмсығымнан түгінді гу-гуімен шығарып, бықсыта беремін. Үйдің іші алай-түлей сасық тұман. Басым да тұман. Қазышаны жеп, жазаға тартылған завхоздан жаман ұнжығам түсті, сұрым қашты, ыза болдым. Сол кезде ойым көзіме көрінетін зат болса,

дереу “Саботажник!”, “Контр” деп жағасынан алғандай едім. Әттен, қолыма түспеді.

Үстелге шынтақтап, басымды тіреніп отырмын. Талдым білем: көзім бұлдырап қалған тәрізді болдым. Бірдене қаран етті. Сөйткенше болмады, кеудесі портфель қолтықтап, автомобиль мінген комиссардың кеудесіндей кердендеп басып, бір жігіт сап ете түсті. Тан-тамашамын. Есік ашылғандай болған жоқ еді. “Бү қайдан келіп қалды?” деймін. Алды-артыма қаратқан жоқ, ежелден таныс жолдасымдай:

— Е, жолдас не жазып отырсың? — деді.

Сасып қалдым. Әйтсе де сыр білдіргім келмеді. Жөпшенді кісіге өзім де бой бермейтін жігітпін. Газет-журналға бір-екі сөз басылса, “жазушы”, “ақын” сөнімін деп, өзіне-өзі ден қойып алатын омырау жігіттер аз ба? Сондай бұдан мен де сау кісі емеспін, неғып бола қояйын? Сондықтан ақша мекемесінің билеушісі сияктанып ызбарланып:

— Сізге не керек? — дедім.

— Іріленбе, іріленбе. Түні бойы түк жаза алмай отырып, қатқаныңның басына көкімісің, — деді.



– Жазам ба? Жазбаймын ба? Онда сіздің жұмысыңыз жоқ. Менің жазуымды тергейтін сіз емес, журналшылар, – деп сырт бердім. Одан жаман әкірендеді.

– Танымасан, танытармын. Одан да шыныды ай!

– Өзің қалай өкім сөйлейсің? Өзің кімен? Партийный билеңің бар ма? – деп коқан-лоққыға салдым. Айбын да жиған жоқ, сықак қылған кіше, мырс етті:

– Ей, байғус, билетінді ұстап қоқиланғын келді ме? Сонша қоқиланғандай қанша білімің бар? Қандай тұтыған жолың бар?

– Жолым бар. Жолсыз жүрген селдерден сақтасын!

– Олай болса жолыңды айтшы, тыңдайын.

– Менің жолым – төңкеріс жолы.

– Ә, төңкеріс жазушысы екенсің ғой?

– Иә.

– Менің де көп қарастырып жүрген мәселем осы еді. Төңкеріс ақылын жолықтыра алмай жүр едім: жақсы келдің ғой. Олай болса әңгімелесейік, пікір алысайық, әлде бір-бірімізден пайдаланып қалармыз, – деді.

Құлағыма жағып кетті. Сөзі де өрі жатық, өрі жат көрінді. Мағипт қуаты бардай-ақ, сойлеген сайын ұйытып, бойымды балқытып әкетті. Манағыдай емес, түсімді жылытып, орындық ұсындым, отырдық.

– Дұрыс, мен де кісі таба алмай жүр едім. Жақсы! Сөйлесейік, – дедім. Ол бастады.

– Ендеше, төңкерістен бері не жазып жүрсіңдер? Әуелі маған соны айтсан екен.

– Біз бе? Біз төңкерістің берген бостандығын, теңдігін жазамыз. Төңкеріс жолында құрбан болған ерлерді өлен қыламыз. Ортақшылар жолын, Кеңес өкіметін жақтаймыз...

– Тағы да.

– Тағы да еңбекшілерді тап күресіне шақырамыз; өйелдер теңдігіне арнап жазамыз. Жастарды оятамыз, жұртты оқуға үндейміз. Байды, жуан жұдырықты түйрейміз...

– Тағы да.

– Тағы несі болады? Ескі молдаларға, дінге, ескі әдет-ғұрыпқа қарсы сөздер де жазылады. Міне, осы тәрізді.

– Төңкерістен бері неше жыл өтті?

– Алты жыл өтті, жетіншіге аяқ басып отырмыз.

– Содан бері қақсап келе жатқан

жарапазандарын осы ғой?

– Енді нені жазу керек?

– Міне, сендердің төңкерісті ұқпағандықтарың. Күнде айғай, күнде даурық, желдеткесі кара боран сөз мезі қылғандай болған жоқ па? Құрғақ сөзден жалықсаңдаршы! Енді бір өмірге, тұрмысқа келетін сөз жасаңдаршы! “Біздер – жастар – көппіз, жұлдызбыз, арыстанбыз, батырмыз, қорықпаймыз, жанышп таптап кетеміз, жаныш тұрған отпыз, жаңышбыз, біз қоймаймыз, біз кенелтеміз, біз қарық қыламыз...” дей бергеннен не тамады? Мұның бәрі ет пен терінің арасындағы жел емес пе? Төңкерісті жазғанда осылай жаза ма екен? Осыдан бөтен жазатындарың бар ма?

– Неге болмасын? Бар. Әркім өртүрлі жазады, – деуім мұң-ақ екен, бастырмалатып соға жөнелді:

– Басқа әдебиетшілердің сөзін көрмей жүрмін бе? Кімді айтасын? Олар не жазып жүр? Біреу “Асан Қайғы”, “Шортанбай” болып қазақтың ертегідей өткен күнін жырлап, “зар замандатып” жүр. Откенді қаитару, өлгенді тірілту кімнің қолынан келмекші? Тарих өзенін кейін ағызатын қандай “әулие”? Қай құдай?! Бү күннен түңіліп, өткенді көксерп, мәдениеттен қашырған қайдан шыққан пайғамбар? Қазақтың қай досы?

Біреудің жаңашыл болғанын жөні осы деп ескі әдебиетті отқа ортеу керек деп жүрсіңдер, ескі әдебиетті, ескі мәдениетті отқа өртеп, енеден данышпаң, енеден еңбекшіл болып туған кім бар еді? Кімнен туған қандай ұл?

Ескі әдебиет, ескі мәдениет баңдікі, патшанкі екен. Оларды жоялық. Берші көне, жаңа әдебиетіңді, жаңа өнегенді! Осыны айтатын ақындар кімнің әдебиетімен сугарылды, жаңашыл болы қалды екен? Алдында әлеумет палымын, тұрмыс жүйесін табиғат заңдарын, жан-жануарлар жаралысын зерттеген бай мәдениетінің ғалымдары болмаса, Маркс шығар ма еді? Маркссыз Ленин туар ма еді? Жаңағы ескі сабақ, жаңағы ескі баспалдақ емес пе?

Біреуін қызбен жүргенінді, гуляйы салғаныңды, мықшыптан ұстағаныңды жазып жүрсең, енді бірін не онда, не мүңді жоқ, қояннан көз жазып қалған тазыдай, арсалаңдап жүрсең. Тағы біреуің көрінгенге “Жалпақшеш” көрінгелі



гүлкіше қуйрығынды бұлғандатып жүрсін. Енді біріннің орысты қазаққа, қазақты орысқа шағыстырып сенім алмақ, ақын аталмақ ойың бар. Тағы біреуің ойын жасырып, бойын жасырып, жат елдің жазушыларын аударып талшық етудесің. Сендерде мұрат бар ма? Бағыт бар ма? Жүрек бар ма? Бүгін – идеалист, ертең – материалист, бүгін – реалист, ертең – символист, бүгінгіні – футурист, тағы бірдеме “ист”, әйтпесе әрқайсысынан бір шөкім. Ақындықты, жазушылықты сауысқанға айырбастап, неден мұнша адастыңдар! Күндік күніне, ошті-касты кегіне, әлде күншілдігіне бола елдің айнасы – әдебиетті ұрыс-керіске, боқауызға айналдырылдыңдар. Келешектен ұясаңдаршы! Күйіп кеттім ғой, шыдай алмадым ғой! Айтпайын десем де, қоймадыңдар ғой, түге, азыл туған мұңдарлар! – деп тұра жөнелді.

Милициядан қорыққан жуанға ұсап, көзім шарасынан шықты. Қуып жетіп ұстай алмадым:

– Токтаңыз, жолдас! Қайырылыңыз! Не қыл дейсіз? Айтқаныңызды істейік. Жазбайық деп жүргеніміз жоқ. Қол тимейді. Күнде қызмет, мәжіліс, дәріс, театр, суретке түсу, қызбен жүру, тағы, анау-мынауан мұршамыз келмейді.

Артына қасқырша қарап тұрды да, қайта оралды. Тағы сөйледі. Мен аузымды ашып, көзімді жұмып тыңдадым да отырдым. Ол айта берді:

– Жазушы кім? Ақын кім? Білесің бе? Олар – заманның айнасы. Елдің тұрмысын, өмірін, тілегін арманын әдебиет айнасына түсіретін солар. Оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ болып қазаққа ұмыссыз не болса соған сілктмей, шын өмірді, деректі өмірді неге жазбайсыңдар? Төңкерістен бері қазақ елінің басынан қандай күндер өтпеді? Қазақ даласын көмірдей басып ақтар отті. Қазақ даласындағы соғыс майданы ашылды. Мұның бәрі қандай із қалдырды? Осыларды қайсың жаздың?

Кенсе үкіметі орнады. Разберске, продналок, колік, адам салығы түсті. Елде мелитсе, агнет, инструктор, отряд қаптады. Ел не күйге түсті? Әуелгі кезде партияға тонын айналдырып талайлар кірді. Олар түрлі қызметпен, сайлау жұмысымен ел аралады. Сауатсыздықты жоятын дүмше мұғалімдер тарады. Олар елге не пайда, не зиян келтірді?

Қазақ жұтқа, ашаршылыққа ұшырады. Оның ауыртпалығы, өлімі, шығыны, қайғысы, зардабы қандайлық болды?

Төңкерістен жақсы жақтары, еңбекшілер кожалығы, сот, оқу, мектеп, әйел теңдігі, жер алу, қала салу, кедей баласы оқуға ұмтылу, жұмысшылар, ортақшылар, жастар ұйымдары, жетімханалар ашылуы, олардың ісі – міне, осыларды келістіріп суреттеген жазушылар бар ма?

Қазақтан төңкеріс үшін алысқан, жан қиған ерлер болды ма? Болса, олардың азамат немен өтті? Төңкеріс жағына шыққан азаматтардың кімі не істеді? Ортақшылар мен боямалардың айырмасы неден көрінсін? Ұлтшылар, ортақшылардың кесірі қандай болады? Бұларды қозғаған жазушы болды ма?

Бүгінгі шенқұмарлық, кеңсешілдік, ата-ру намысы, губерне намысы, орынға галасу, топтасу, жіктесі қандай күйде? Кім не үшін күресіп жүр? Бұларды жазуға тісі батқан жазушы шықты ма?

Осылардың әрбірі бір әңгіме, бір роман болуға жарамай ма? Төңкеріс жазушысы, төңкеріс ақыны болсаңдар, осыны неге жазбайсыңдар? Төңкерістің мақсатын түгел жаза алмаған соң, жазушымын деп не керек? Осының соны, осынша бай әңгімелер жатқанда, сөз таба алмай сандалып, “Қара боранға”, “Зар-заманға”, “Асық жарға”, “Қайғы-зарға” салынатын не бар? Қандай уақ нәрлерден құралып, төңкеріс жемісі көрінбей ме?

Өткен жаз бір кедей шәкірт елге барып, өзіндей жиырма кедей баласын әкеліп, оқуға түсіріп отыр. Бұл теңдікті кедей баласы қашан алып еді? Өне, сенің өз елінде пароходта жүк көтеріп, жер астында көмір қазып жүрген талай жұмысшылар исполком болып отырғанын көрмейсің бе?

Мелшіп не дерімді білмедім. Тесірейе қарап тепсініп:

– Жазасың ба? – деп алтыатарын суырып алды.

– Ша...м...мам... келмейді ғой, жолдас!

– Ендіше, жазғаныңды қоясың ба? – деп ақырып, мылтығын кезеніп кеудеме тақады.

– Қойайын... қойайын... – делім. Басып жібере ме деп бойым шімірігіп, селк етіп көзімді жұмып қалдым.

Әлден соң көзімді ашсам – түк жоқ. Баяғы үстелім басында шынтақтап отыр екенмін.